



Казіргі таңда аймақтағы діни ахуалды сақтау және жастарды жат діни агымдардан қорғау бағытында «Зайырлылық және дінтану негіздері» пәні мұғалімдерінің маңызды рол атқаратындығы белгілі.

Осыған орайда «Руханият және дәстүр» айлығы аясында білім беру ұйымдарындағы «Зайырлылық және дінтану негіздері» пәні мұғалімдерінің біліктіліктерін арттыру мақсатында Арал қаласындағы №262 мектеп-гимназиясында «Зайырлылық және дінтану негіздері пәнінің мемлекеттің зайырлы принциптерін түсіндірудегі ролі» тақырыбында оқыту семинары өтті.

Аудандағы орта білім беретін мектептердің тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары мен «Зайырлылық және дінтану негіздері» пәнінің оқытушылары бас қосқан семинарға модераторлық еткен аудан әкімінің орынбасары Бектемір Жұмағұлов аталмыш шараның мән-мазмұнына тоқталып, күн тәртібіндегі мәселелермен таныстырды.

Қуи тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша, яғни зайырлылық және дінтану негіздері пәнінің мемлекеттің зайырлы принциптерін түсіндірудегі ролі турасында облыстық ішкі саясат басқармасының Дін мәселелерін зерттеу орталығының директоры Бакытжан Камалов баяндама жасады.

Одан әрі облыстық ішкі саясат басқармасының дін мәселелерін зерттеу орталығының Арал ауданы бойынша болімше меңгерушісі Жәнібек Отегенов жасоспірімдерге діни толеранттылық қағидаттарын үйретудегі зайырлылық және дінтану негіздері пәнінің ролі мен маңызы туралы хабарлама жасап, маңызды ақпараттармен болісті.

Тиісінше семинарға қатысушылар да тақырып аясында оздерін толғандырган сауалдарын қойып, үсыныс-пікірлерін ортаға салды. Бір созбен айтқанда, казак халқының өмір сүру дағдысы, тұрмысы, салт-дәстүрі жайлы білу, оны сақтап кейінгі жас ұрпаққа насихаттау баршамыздың ортақ парызымыз екендігі теренінен қозғалды.

Расында, кез келген кезеңде адамзаттың өмірі имандылыққа, рухани қундылықтарға, ізгілік пен ізеттілікке негізделмесе, сол қоғамда қасіретті жағдайлар орын алып, адам арсыздық пен абыройсыздыққа ұшырайды. Біз мұны тарихтан жақсы білеміз.

Осы мәселелер кенінен талданған семинар бүгінгі алмағайып заманда, сананы тұрмыс билеген дәуірде адамдар арасында бауырмалдық, мейірім, кішіпейілдік, озара түсіністік сынды асыл қасиеттердің шынайы қорініс табуы аса қажет деген тоқтаммен түйінделді.

Арал ауданы әкімінің баспасөз қызметі